Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу туралы шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"QAZAQGAZ AIMAQ" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____, негізінде әрекет ететін _____ _____ атынан, бір жағынан, және _____ _____ бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, _____, негізінде әрекет ететін _____ _____ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жекелей жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатындар, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екенін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалайтынын және сәйкестендіретінін; • Тәртіппен танысқанын және осы Шартты орындауға әсер ететін Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Тапсырыс беруші өнім берушінің/қосалқы мердігердің Тәртіптің 61-бабы 10-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына, оның ішінде осы Тәртіптің 61-бабы 10-тармағы шеңберінде сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылған коммерциялық ұсыныстарды қарау қорытындыларын талдау арқылы тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі - Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

1.2. Жобалық-сметалық құжаттамасында көзделген, құрылыс-монтаждау жұмыстары Шарттың нысаны болып табылады. Жұмыстар Шартқа №2- қосымшаға сәйкес орындалады.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.3.1. Төлем түрі: Аралық-80%, соңғы 20%.

2.4. Орындалған Жұмыстар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар орындалған жұмыстар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған мерзімде және келесі құжатты (құжаттарды):

2.4.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында орындалған жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеуді (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-порталда);

2.4.2. Салық заңнамасына сәйкес ресімделген электрондық шот-фактура.

2.4.3. ҚР Қаржы министрінің 20.12.2012 жылғы № 562 бұйрығына № 50 қосымшаға сәйкес орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі. Орындалған жұмыстар актісін Мердігер Тапсырыс берушіге қағаз жеткізгіште жібереді.

2.5. Заңнаға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісі (актілері) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

3. Жұмыстарды орындау мерзімдері мен талаптары

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімі, талаптары, көлемі мен орны осы Шартқа № 1, № 2 қосымшамен анықталады.

3.2. Жұмыстар Шартқа № 1, № 2 қосымшаға сәйкес Жұмыстарды орындау актісіне сәйкес көлемде және сапада Тапсырыс беруші мен қабылданады. Тапсырыс берушінің Орындалған жұмыстар актісіне түпкілікті қол қоюы Жұмыстарды орындау күні болып саналады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.3. Жұмыстарды орындау мерзімі-Шартқа №2-қосымшаға сәйкес.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Мердігер:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындауға;

4.1.2. Тәртіпке сәйкес сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуге; Мердігердің тараптар орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (тауар өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмесін (көшірмелерін), сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымға (ұйымдарға), тауарларды қабылдау-беру актілеріне қол қойған күнге дейін ұсынуы Мердігердің Шарттың осы тармағында көзделген міндеттемені орындауын растау болып табылады. Егер өткізілетін (өткізілген) сатып алу/Шарт талаптарымен Жұмыстардың белгілі бір көлемін қосалқы мердігерлікке беруге жол берілген жағдайда, көрсетілген міндеттеме қосалқы мердігерге де қолданылады.

4.1.3. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге Шарт аясында электрондық құжат нысанында орындалған жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылық есебін ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);

4.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.5. Жұмыстарды тендерлік өтінімнің құрамында мәлімделген жабдықтармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтылыммен білікті мамандар орындауға;

4.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.7. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.9. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.10. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.11. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен Банк кепілдігі түріндегі шарттың жалпы құнынан % 2.00 мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге; Бұл міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабы 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Мердігерге қолданылмайды; Шарттың орындалуын қамтамасыз ету көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Мердігердің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы ерекшелікті құрайды. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.12. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды Жұмыстарды орындауға жіберуге;

4.1.13. Мердігер және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өзінің қызметінің және (немесе) мамандарының болуына.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе.

4.1.14. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз қызметкерлерін мерзімді медициналық қараптексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды.

4.1.15. Өз жұмыскерлерін Жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге;

4.1.16. Тәртіптің 61 б. 10 т. талаптарына сәйкес сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сәйкес құрылыс кезінде монтаждауға, салынып жатқан объектіні жарақтандыруға және (немесе) тұтынуға жататын тауарларды сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде Қордың тауар өндірушілері Тізілімінде тұрған тауар өндіретін әлеуетті өнім берушілерден (бұдан әрі-тауар өндірушілер) және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алу. Тендер жеңімпазы (өнім беруші/қосалқы мердігер) коммерциялық ұсыныстарды тендер қорытындылары бойынша Тапсырыс берушімен сатып алу туралы шарт жасасқан күнге дейінгі мерзімде тауардың бағасы мен сипаттамаларының сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Тауардың бағасы мен сипаттамалары жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, тендер жеңімпазы (өнім беруші/қосалқы мердігер) сатып алынатын тауардың тауар өндірушісімен және/немесе тендер қорытындыларын шығару күніне ең төмен баға берген, сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйыммен шарт жасасуға тиіс. Бұл ретте тендердің қорытындылары шығарылғаннан кейін коммерциялық ұсыныстар берілген жағдайда тендер жеңімпазы (өнім беруші/қосалқы мердігер) осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылмайды, коммерциялық ұсыныс беру кезінде ұсынылатын тауарларды беруге арналған шарттың болуы, сондай-ақ тауардың бағасы мен сипаттамалары сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайды қоспағанда.

4.1.17. Мердігер сатып-алу веб-порталы арқылы Тапсырыс берушіге жұмыстардың орындалғаны туралы құжат(тарды) жібереді (электрондық құжат нысанында – жүйеде ұсынылады).

4.1.18. Мердігердің Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын қызметкерлері мен шетелдік азаматтар арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу.

4.1.19. Өз қызметкерлері алдындағы шарттық және әлеуметтік міндеттемелерді сақтау, сондай-ақ ұжымда және өндірістік алаңдарда қолайлы жағдайды сақтау.

4.1.20. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде(орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау – беруді растайтын түпкілікті) жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну.

4.1.21. Жұмыстарды орындау барысында қолданыста болмаған, жаңа материалдар мен тауарларды пайдалану.

4.1.22. Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігер Тапсырыс берушіге ҚР құрылысының сметалық құнын айқындау жөніндегі мемлекеттік нормативтерге сәйкес сметалық құжаттаманы (мердігердің шарттық сметасын), атап айтқанда жергілікті, ресурстық, объектілік сметаларды, жиынтық сметалық есепті және САШ (сметалардың автоматтандырылған шығарылымы) бағдарламалық кешенінің бастапқы деректерін ұсынады, сондай-ақ «бір терезе» қағидаты бойынша құрылысты жүргізуді ұйымдастыру үшін Порталдаэлектрондық нысанда жүргізу үшін бастапқы деректердіақпараттықжүйеге жүктейді.

4.1.23. Мердігер Ақпараттық жүйе арқылы құрылысқа қатысушылардың «бір терезе» қағидаты бойынша құрылысты жүргізуді ұйымдастыру үшін порталда ЭЦҚ кілттеріне қол қоя отырып,атқарушылық құжаттама жасайды.

4.1.24. Мердігер өз есебінен Комитеттің 01.12.2022 жылғы №223-НҚ бұйрығымен бекітілген және 01.01.2023 жылы әрекетке енгізілген ҚР НДЦС 8.04-09-2022 «Қосымша шығындардың сметалық нормалары. Құрылысты ұйымдастыру мен басқаруға арналған шығындарға» сәйкес құрылыстың сметалық құнында көзделген шығындардың ақпараттық жүйесінің қызметтерін пайдалануға міндеттенеді.

4.1.25. Жұмыс өндірісі басталғанға дейін, Шартқа қол қойылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші бекіткен жұмыс кестесін қамтамасыз етуге, материалдармен, бұйымдармен, жабдықтармен қамтамасыз етуге және Тапсырыс беруші бекіткен жұмыс кестесіне сәйкес жұмыстың қатаң орындалуын қамтамасыз ету (Шартқа № 4- қосымша).

4.1.26. Сақтау, төсеу немесе қатарлау үшін Тапсырыс берушімен келісілген учаскелер ғана пайдаланылуы мүмкін.

4.1.27. Қажет болған жағдайда уәкілетті органдар мен ұйымдардан объектідегі жұмыстарды орындауға байланысты қажетті рұқсат етулерді, рұқсаттарды, келісулер ұсыну жөніндегі барлық қызметтерді алу және өз есебінен өз бетінше төлеу.

4.1.28. Жылумен, электр энергиясымен, сумен жабдықтаумен, кәрізбен, байланыспен және өзге де коммуникациялармен қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды орындау уақытында қызмет көрсетушілермен уақытша шарттарды өз бетімен жасасып алу.

4.1.29. Аптаның әр дүйсенбі және бейсенбі жұмыс күндері, Тапсырыс берушімен ұсынған нысан бойынша (шартқа № 5- қосымша), Жұмыстарды орындау барысы туралы есептерді ұсыну, туындайтын мәселелердің мәні бойынша Тапсырыс берушіге түсініктеме беру. Жұмыстарды өндіру Кестесінен қалып қойған жағдайда, есептер кешіктіру себептерін, мүмкін болатын салдары мен Жұмыстарды өндіру Кестесінен қалып қоюды жою үшін Мердігер қабылдаған шараларын көрсетуі керек. Сондай-ақ.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.30. Орындалған жұмыстар мен пайдаланылатын материалдарды, жабдықтарды, өзге де ресурстарды кез келген атмосфералық құбылыстарға, өртке, ұрлыққа және өзге де себептерге байланысты залалдың, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз ету. Мердігер жұмыстарды жүргізу кезінде Тапсырыс берушінің Жұмыстарды орындау учаскесінде орналасқан мүлкін зақымданудың қандай да бір түрлерінен немесе басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс, оның ішінде (бірақ, бұнымен шектелмейді) жолдар, ғимараттар, материалдар қоймалары және жылжымалы мен жылжымайтын мүліктің өзге де түрлері. Осы тармақта баяндалған Шартқа байланысты Мердігер шеккен барлық шығындар Тапсырыс беруші тарапынан қосымша өтелуге жатпайды және Шарттың құнына кіреді.

4.1.31. Жұмыс басталар алдында Мердігердің басшылар құрамы Тапсырыс берушіде кіріспе нұсқаулықтан өту керек, ықтимал өндірістік тәуекелдермен, «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы " "Нөлдік жарақаттануы және қауіпсіз еңбек жағдайлары бар өндірістің 7 алтын ережесі", «9 Өмірлік Маңызды Ереже», кодексімен, экологиялық аспектілермен және басқа да талаптармен танысуы тиіс. Мердігер Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі алғашқы және қайталама нұсқаулықтарды өз қызметкерлеріне жұмыс орындарында өткізеді.

4.2. Мердігер:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Орындалған жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап ету.

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінімде көрсетілген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды және бағдарламалық қамтылымды оларға балама болатындарымен ауыстыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.7. Жұмыстарды орындауды бастағанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.8. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқылы.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Жұмыстарды Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне сәйкес көлемі мен сапасы бойынша және Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша Шартқа №6 қосымшаға сәйкес ӨБ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымдар қызметінің бағалау парағы бойынша қабылдайды.

4.3.4. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.5. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.6. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Мердігерден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың нақты бір көлемін қабылдаудан бас тартуға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

4.4.4. Кез келген уақытта Мердігердің қызметіне араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Мердігерден Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Тапсырыс беруші Мердігердің Жұмыстардағы елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.5. Тараптар өзара есеп айырысуларды салыстырып тексерудің тиісті актісіне қол қоя отырып, осы Шарт бойынша өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізуге міндетті. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелері орындалған айдан кейінгі айдың 20 (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушінің атына екі данада қол қойылған өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін жіберуге міндетті. Тапсырыс беруші өзара есеп йырысуларды салыстыру актісін алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмейтін мерзімде оған қол қоюға және Орындаушының атына бір данасын (түпнұсқасын) қайтаруға не оған актіге қол қоюдан дәлелді бас тартуды іберуге міндетті.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды тексеруге құқылы.

5.2. Орындалған Жұмыстарды қабылдау Тапсырыс берушінің өкілімен Жұмыстарды қарап тексеру арқылы және осы Шартта белгіленген құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

5.3. Орындалған Жұмыстардың сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде талап қояды. Егер Мердігер 10 (он) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай талап Мердігер мойындаған болып саналады және Мердігер өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен 10 (он) ішінде хабарламаны алған сәттен бастап Жұмыстардың сапасыз бөлігін түзетуге және/немесе ұмыс күндері тауардың жеткізілмеген және/немесе Жұмыстардың сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігерге тиісті емес Жұмыс көлемі және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Жұмыстарды Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

5.5. Мердігердің орындалған Жұмысты тапсыруы және оны Тапсырыс берушінің қабылдауы келесі құжаттардың негізінде екі Тарап қол қойған орындалған жұмыстар Актісімен ресімделеді: - Жауапты құрылыс қатысушылары қол қойған 2026 жылғы 24 маусым № 230 «Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және оның функцияларын жүзеге асыру қағидаларына» № 3-1, №4-1 қосымшаларына сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыстардың актілері және орындалған жұмыстардың құны мен шығыстар туралы анықтамалар; - "Объектіні пайдалануға қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2026 жылғы 09 маусымдағы № 291 бұйрығына сәйкес орындалған объектіні пайдалануға қабылдау актісі.

5.6. Мердігер тиісті UTM аймағындағы WGS-84 координаттары жүйесінде AutoCAD (.dwg/.dxf) форматында жұмыс учаскесіндегі инженерлік желілердің және (немесе) ғимараттардың (құрылыстардың) бақылаулық атқарушылық-топографиялық түсірілімін электрондық түрде ұсынуға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің атынан Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 16 маусымдағы «Қала құрылысы жобаларын, жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасында тіркеу қағидаларын бекіту туралы» № 172/НҚ бұйрығымен бекітілген Қала құрылысы жобаларын, жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасында тіркеу қағидаларына сәйкес мемлекеттік қала құрылысы кадастрының ақпараттық жүйесінде тіркеу үшін инженерлік желілердің және (немесе) ғимараттардың (құрылыстардың) нақты жағдайының атқарушы геодезиялық түсірілімін мемлекеттік қала құрылысы кадастрына жіберуге міндеттенеді.

5.7. Мердігер 2026 жылғы 09 қаңтардегі № 253-VIII ҚРЗ Құрылыс Кодексі сәйкес құрылысқа қатысушылардың ЭЦҚ кілттеріне қол қою арқылы және оны нысанды пайдалануға қабылдау күніне электронды және қағаз (қажет болған жағдайда) жеткізгіштерде Тапсырыс берушіге толық көлемде беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес 2026 жылғы 24 маусымге № 230 «Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларына» № 3-1 қосымша нысан бойынша жұмыстарды аяқтау туралы актілерге және №4-1 қосымша нысан бойынша жұмыстардың орындалғаны туралы анықтамаларға және жұмыс құнына қол қойғанға дейін құрылысты «бір терезе» қағидаты бойынша ұйымдастыру үшін Порталдағы Электрондық ақпараттық жүйе арқылы Объектінің құрастырылған техникалық құжаттамасын жедел дайындауы керек.

5.8. Тапсырыс берушіШарттың 5.7-тармағында көзделген құрылысқа қатысушылар атқарушылық-техникалық құжаттамаға қол қоймаған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жағдайда Орындалған жұмыстар актілеріне қол қоймауға құқылы.

5.9. Мердігер Шарттың 4.1.22-тармағында көзделген сметалық құжаттаманы ұсынбаған жағдайда Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актілеріне қол қоймауға құқылы.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Мердігер Жұмыс сапасының Жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкестігін кепілдік береді. Мердігер тапсырыс беруші Объектіні қалыпты пайдаланған кезде осы Шарт бойынша орындалған Жұмыстарда конструкциямен, материалдармен немесе жұмысымен байланысты ақаулардың болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Мердігер орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 10 жыл белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардағы ақаулар анықталса немесе олар Шарт талаптарына сәйкес келмесе, Мердігер Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді. Жұмыстардағы жойылған ақауларға кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен басталады. Жұмыстардағы ақауларды жою жөніндегі барлық шығындарды Мердігер көтереді.

6.4. Егер Жұмыстардағы ақаулықтарды жою бойынша кешіктіру Мердігердің кінәсінен орын алатын болса, онда кепілдік мерзімі тиісті мерзімге ұзартылады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігер:

7.2.1. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер оны мердігер төлеуі керек немесе Тапсырыс беруші Мердігер төлеуі тиіс немесе тараптар Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін сатып алу туралы шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі жауапкершілікті көтереді.

7.2.2. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың жалпы сомасының (орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

7.2.3. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

7.2.4. Мердігер Шартта көрсетілген жұмыстарды орындау мерзімдерін кешіктірген жағдайда мердігер Тапсырыс берушіге мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған міндеттеме құнының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ шарттың жалпы сомасының 20% - нан аспайды.

7.2.5. Мердігер Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ шарттың жалпы сомасының 20% - нан аспайды.

7.2.6. Мердігердің және оның бірлесіпқосалқы мердігерлер Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саласындағы кемсітушілік жағдайларына жол бергені үшін Мердігердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2.7. Мердігер осы Шарт бойынша айтылған өз міндеттемелерін орындаудан бас тартуды қоса алғанда, толық орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші мердігерден шарттың жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.8. Сметалық, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға сәйкес монтаждауға, салынып жатқан объектіні жарақтандыруға және (немесе) құрылыс кезінде тұтынуға жататын тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен сатып алу туралы Тәртібінің 61 бабы 10 тармағынның нормасын орындамаған жағдайда, Мердігер сатып алу туралы шарттың жалпы құнының кемінде 20% - ы мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттеменің орындалмағаны үшін жауапты болады, ол Мердігердің өзімен төленуге қажет немесе орындалған жұмыстардың қабылдау-тапсыруын растайтын тиісті (соңғы) актіге Тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін. Осы тармақпен қарастырылған Мердігермен міндеттемелерін орындаудың растауымен орындалған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жұмыстардың қабылдау-тапсыруын растайтын тиісті (соңғы) актіге Тараптар қол қойғанға дейін Мердігермен сатып алынатын тауарларды өндірушіден/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымнан(ұйымдардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың(шарттардың), тауарларды қабылдау-тапсыру актілерінің көшірмелерін ұсынуы болып саналады.

7.2.9. Сметалық құжаттама уақтылы ұсынылмаған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1% - ы мөлшерінде, бірақ шарт сомасының 20% - ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.10. Жұмыстарды орындау кестесі уақтылы ұсынылмаған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1% - ы мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 20% - ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.11. Шарттың 4.1.29 -тармағында көрсетілген ақпаратты беру мерзімдері бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 20% - нан аспайытын өсімпұл төлеуге міндетті.

7.3. Мердігер осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

7.4. Тапсырыс беруші:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасынан 20%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс.

7.4.2. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге енгізілген Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 20%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге;

7.4.3. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдауды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімі өткен күнтізбелік әрбір күн үшін Орындалған жұмыст актісінің сомасынан 0,1% мөлшерде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 20% аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.4.4. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімі өткен күнтізбелік әрбір күн үшін Орындалған жұмыст актісінің сомасынан 0,1% мөлшерде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 20% шарттың жалпы сомасынан.

7.4.5. Тапсырыс беруші құжаттарды ұсыну мерзімін кешіктірген жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өтіп кеткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.5. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

7.6. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Тәртіпке сәйкес енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын және осыған байланысты туындаған шығынды ұстап қалуға құқылы.

7.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.8. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлды, өсімпұлды) жалпы сомасы Тараптардың әрқайсысы үшін шарт сомасының 20% - ынан аспауға.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Мердігерді таңдау үшін негіз болған ұсынысты енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты бас тартуға: 1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабы 2-тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) Консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау процесінде Тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы анық емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ұсынуын анықтауы. Бұл ретте Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес өнім берушінің залалды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарттың тараптарының бірі шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда ғана құқылы.

8.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.6. Мердігер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайды қоспағанда, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға (мердігерге/өнім берушіге) шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада шарттан бас тарту себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шартты бұзу кезінде Мердігер шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана шартты бұзу күніне ақы талап етуге құқылы.

8.7. Шарт бұзылған жағдайда мердігер жұмысты дереу тоқтатуға, Объектіні консервациялауды және оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушіге беруді қамтамасыз етуге тиіс.

8.8. Объектідегі Барлық материалдар мен жабдықтар, орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және Шартты бұзуға байланысты ақшалай міндеттемелерді реттегенге дейін оның иелігінде болады.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және, егер басқаша айтылмаса, онда хат алмасудың осы түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

